

2

Мақсат – жайлы орта қалыптастыру



4

Сен едің, Сырдың бұлбұлы!



Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

15 НАУРЫЗ  
МАРТА  
РЕФЕРЕНДУМ

Важен голос каждого из нас!

www.election.gov.kz



# Сыр бойы

№34 (21109) 5 наурыз, бейсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

/// ПРЕЗИДЕНТ

## БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақтелеком» АҚ басқарма төрағасы Бағдат Мусинді қабылдады. Президентке компанияның қызметі мен соңғы екі жылда жүзеге асырған негізгі инфрақұрылымдық және технологиялық жобаларының қорытындылары жөнінде баяндалды.

Бүгінде «Қазақтелеком» 1,75 миллионнан астам үй шаруашылығына қызмет көрсетеді. Компания ел аумағында талшықты-оптикалық желіні жүйелі түрде кеңейтіп, телекоммуникация нарығының негізгі сегменттерінде көш-басшылық орнын сақтап отыр.

Елді мекендерді байланыспен қамту бойынша ауқымды жұмыс жалғасуда. 2027 жылдың соңына дейін 1 миллионнан астам тұрғыны бар 3 мыңнан аса ауылды сапалы байланыс қызметімен қамтамасыз ету жоспарланған.

Мемлекет басшысына «Каспий ТӨБЖ» халықаралық жобасының жүзеге асырылуы туралы ақпарат берілді. Аталған жоба Ақтау–Сумгаит бағытында суасты талшықты-оптикалық байланыс желісін салуды көздейді. Бұл бастама Қазақстанның транзиттік әлеуетін арттырып, Еуропа мен Азия арасында цифрлық дәліз қалыптастырмақ.

Кездесу барысында деректерді өңдеу инфрақұрылымын дамыту мәселесіне ерекше назар аударылды. Екібастұз қаласында «Деректерді өңдеу орталығы алқабы» стратегиялық жобасы аясында қуаты кезек-кезеңімен ұлғайтылатын заманауи орталық құрылууда. Бұл жоба халықаралық технологиялық компанияларды тартуға және елдің инвестициялық тартымдылығын арттыруға жол ашады.

Қасым-Жомарт Тоқаев шағын қалалар мен ауылдарды сапалы байланыспен және интернетпен қамтудың маңыздына назар аударды. Президент цифрландыру мен жасанды интеллектті дамыту салаларында инвестициялық жобаларды уақытылы жүзеге асыруды тапсырды.

/// НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

## ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ОРТАЛЫҒЫ ТАЯУДА ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ



Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жаңадан салынған техникалық және кәсіптік білім беруді дамытуға арналған құзыреттілік орталығына барды. Жастардың кәсіби шеберлігін арттыруға бағытталған нысанның құрылысы аяқталып, жақын күндері пайдалануға беріледі деп күтілуде.

Жұмысшы мамандар даярланатын орталық ғимараты екі қабатты, 215 орынға арналған. Мұнда түрлі қоғамдық іс-шаралар өткізетін 100 орындық конференц-зал, 20 орындық СІР, көрме залдары қарастырылған.

Айта кету керек, аймағымызда жас ұрпақтың сапалы білім алуына барлық жағдай жасалған. Кейінгі жылдары бюджет қаржысының басым бөлігі әлеуметтік, оның ішінде білім саласына бағытталуда. Соңғы үш жылда салаға 812 млрд 245 млн теңге, биыл 302 млрд теңге қаралды. Бөлінген қаржының түпкілікті мақсатқа жетуі үшін нақты шаралар қабылданған.

«СБ» ақпарат

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

## ЖОЛ САПАСЫ – НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында автожол саласын дамыту мәселесі талқыланды.

Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысып, отырыстан соң жауапты сала басшыларына күн тәртібіндегі мәселеге орай жиналыс өткізді.

– Үкімет басшысы орталық атқарушы органдар мен өңір әкімдеріне саладағы жұмыстарды бақылауға алып, сапалы жүргізуді тапсырды.

Биылға жоспарланған жол құрылысы жобалары сапалы әрі мерзімінде жүзеге асырылуы керек. Жол сапасын жақсарту, жөнделу, асфальт төсеу қазан-қараша айларына дейін толық аяқталуы тиіс.

Өздеріңізге белгілі, әрбір жобаға қойылатын басты талап – құрылыс сапасы. Дегенмен Жол активтері ұлттық сапа орталығы жүргізген тексеруден кейін бірқатар кемшілік анықталды. Бұл кемшіліктер толық қалпына келтірілуі тиіс.

2-бет

## ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ МЕКТЕПТЕН БАСТАЛАДЫ

Ақпараттық технологиялар әлемінде цифрлық сауатты болудың маңызы зор. Әсіресе, елімізде бұл мәселе ерекше назар аударуды талап етеді. Өйткені күн сайын интернет алаяқтарының ойлап тапқан айла-амалдарында шек жоқ секілді. Оның алдын алу үшін әр адам, тіпті бала кезден цифрлы әлемнің қыр-сырын терең меңгерген жөн. Оқушылардың ақпараттық білімін дамытуды бастауыш сыныптардан бастап оқыту осыдан 4-5 жыл бұрын алғаш тәжірибе ретінде енгізілген болатын. Ал «Цифрлық сауаттылық» пәні 2, 3, 4-сыныптарда ғана емес, 1-сыныпта 2022 жылдың 1 қаңтарынан оқытыла бастады.

Ә.Мүсілімов атындағы №101 мектеп-лицейінің информатика пәнінің мұғалімі Айсұлу Бижанованың пікірінше, оқушылар арасында цифрлық платформалар мен ЖИ-ді дамыту үшін робототехника, қолтау үйірмелері мен цифрлық лабораторияларды көбейту керек. Осылайша, бүгінгі оқушылар ертенгі цифрлық экономиканың инноваторларына айналады. Президент Жолдауындағы «Қазақстан үш жылда цифрлық мемлекетке айналуы тиіс» деген сөзі – жастарға берілген үлкен сенім мен міндет, – дейді.

3-бет

/// СҰХБАТ

## СЫРДАРИЯ СУЫН ҮНЕМДЕУДІҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

Сыр бойының гидрологиялық ахуалы кім-кімді де алаңдатпай қоймайды. Ол туралы пессимистік болжам бұрыннан айтылып жүр. Орталық Азиядағы ең ірі өзеннің қазіргі жағдайы, оны сақтап қалудың жолы қандай? Осы сұрақтар және Арал мәселесі жөнінде Су ресурстарын қорғау және пайдалануды реттеу жөніндегі Арал-Сырдария бассейндік су инспекциясының басшысы Зейнулла Қазтоғановпен сұхбаттастық.

2-бет

/// ТҮРҒЫН ҮЙ

## ТҮГЕНДЕУДІҢ ТАЛАБЫ ҚАНДАЙ?

Қазір «Отбасы банк» тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтар тізімін түгендеуді (инвентаризация) жүргізіп жатыр. Ол не үшін қажет? Жалпы түгендеу дегенді қалай түсінеміз? Бұл туралы «Отбасы банктің» қаржы жөніндегі кеңесшісі Гүлнұр Салхадиновамен сөйлескен едік.



Дайындаған Қуаныш Оразбаев

Түгендеу – бұл клиенттердің жинақ шоттарын, салымдарын және құжаттарының дұрыстығын тексеру процесі. Мұны банк ішкі бақылау кезінде заң талаптарына сүйеніп немесе жүйені жаңарту кезінде жүргізеді.

– Бұл көбіне клиенттік деректерді нақтылау үшін жасалады. Түгендеу кезінде қандай құжаттар тексеріледі дегенге келсек, алдымен ЖСН, жеке куәлік деректері, салымшының өзі бар ма, оның мақсаты (тұрғын үй жинағы ма), шоттың белсенділігі (ұзақ қолданылмаған шоттар) жайлы ақпараттарды қараймыз. Мұның барлығы заң талаптарына сай болуы қажет, яғни жалған немесе пайдаланылмайтын шоттар анықталады. Мемлекеттік бағдарламаларға қатысушылардың деректерін жаңарту кезінде егер банк тарапынан хабарландыру келсе, жеке куәлікпен барған дұрыс. Сондай-ақ мобильді қосымша арқылы деректерді растауға болады. Кейбір салымшылар алаңдаушылық білдіріп жатады. Одан қорқудың қажеті жоқ. Бұл – қалыпты тексеру. Егер бәрі дұрыс болса, шотыңыз өзгермейді, салымшыңыз сақталады. Сонымен бірге, пәтерлерді бөлу кезінде кезекке қойылған күн мен санаттардың басымдылығы ескеріледі, – дейді қаржы жөніндегі кеңесші.

Түгендеу рәсімі қателерді болдырмауға, кезекте тұрған адамның мәртебесін, отбасы құрамын, санатын, сондай-ақ оның тұрғын үйінің бар-жоғын нақты көрсетуге мүмкіндік береді. Банк жүргізетін инвентаризация тұрғын үйді бөлу процесін ашық әрі әділ етеді. Пәтер кезекке ертерек тұрған және шынымен мұқтаж азаматтарға беріледі.

– Бұрын пәтер бөлінгеннен кейін кезекте тұрған азамат міндетті түрде түгендеуден өтуі тиіс еді, тек содан кейін ғана тұрғын үйді рәсімдеу процесі басталатын. Кей жағдайда инвентаризация барысында азаматтың бұрыннан тұрғын үй сатып алғаны анықталып, оның енді тұрғын үйге мұқтаж емес екені белгілі болатын. Ал кейбір отбасыларда отбасы құрамының өзгеріп, балалары көбейгені анықталатын, бірақ оларға ауданы кішірек пәтер бөлінген жағдайлар да болды. Осындай жағдайлардың барлығында тұрғын үйді бөлу процесін қайта бастауға тура келіп, уақыт ұзарды және жүйе кешігіп жұмыс істеді. Енді 2 наурыздан бастап «Отбасы банк» тұрғын үйді тек түгендеуден өткеннен кейін ғана үлестіретін болады. Осы сәттен бастап инвентаризация тұрғын үй бөлу алдындағы алғашқы әрі міндетті кадамға айналады, – дейді Гүлнұр Абайқызы.

Кезекте тұрған азамат түгендеуден өтпесе, оны кезектен шығармайды. Алайда ол қанша уақыт кезекте тұрса да, тұрғын үйді бөлу процесіне қатыса алмайды. Түгендеуден өтпеген жағдайда банк оған жалдамалы тұрғын үйді де, сондай-ақ 2% және 5% мөлшерлемесімен жеңілдетілген несие арқылы пәтер сатып алу мүмкіндігін де ұсына алмайды.

Қазіргі таңда кезекте тұрған азаматтардың ішінде 257 000 адам түгендеуден өткен.

Айсұлу ҚАРАПАЕВА,  
«Сыр бойы»

Валюта бағамы: \$ 498,09 kzt € 577,34 kzt ₸ 6,41 kzt

Ауа райы: Бейсенбі ☀️ +7° 🌙 -1°

Жұма ☀️ +8° 🌙 +1°

## ЖОЛ САПАСЫ – НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШ



Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтай отырысында «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автодалын «Қызылорда-Ақтөбе» бағытын төрт жолақты етіп кеңейту жобасы басталатынын, «Бейнеу-Сексеуіл» жолының құрылысы биыл қолға алынатынын атап өтті. Бұл жобалар Президентіміздің тікелей бақылауында.

1-бет

Аталған маңызды жобалардың мерзімінде басталуын қамтамасыз етіңдер. Тиісті министрліктермен жұмыс жасаныр.

Қыстың соңғы күндері табиғат тосын мінез көрсетіп, бір күн бойы нөсер жаңбыр жауды.

Артында қатты жел тұрып, аяз болды. Қызылорда қаласы мен Сырдария, Жалағаш, Қармақшы аудандарына қарасты

бірқатар елді мекендегі электр желілеріне, қондырғыларға, ағаштарға толықтай мұз қатып, қалың қар жауып, бағаналар, талдар құлады. Салдарынан 250-ден астам электр бағанасы құлап, 80 шақырымға жуық желі үзілді. Апатты жағдайды қалпына келтіру мақсатында жедел штаб құрылып, «Қызылорда электр тарату тораптары» компаниясының 170-тен аса маманынан құралған жедел жөндеу бригадалары, 80 арнайы

техника жұмылдырылды. Тұрғындарды мүмкіндігінше қысқа мерзімде электр энергиясымен қайта қамтамасыз ету үшін 24 сағат бойы үзіліссіз, күшейтілген режимдегі жұмыс екі ауысымда жүргізілуде.

Уақытпен санаспай, күні-түні нысандар басынан табылған коммуналдық мекеме қызметкерлеріне, қалпына келтіру жұмыстарына атсалысқан, жағдайға түсіністікпен қараған жергілікті тұрғындарға, елді ауызбірлікке шақырған ауыл ақсақалдарына, ел ағаларына зор алғысымызды білдіреміз, – деді Н.Нәлібаев.

Сондай-ақ басқосуда коммуналдық салалар жұмысты күшейтілген режимде жалғастыруы қажет екені айтылды. «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясындағы санитарлық тазалық жұмыстары да күн тәртібінен түспейді. Бұл бағытта да нақты тапсырмалар жүктелді.

Еске салайық, өткен жылы жол инфрақұрылымын дамытуға республикалық және жергілікті бюджеттен қаржы бөлініп, 329 шақырым автомобиль жолы, көшелер мен көпірлер жөндеуден өтті. Нәтижесінде жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдардың үлесі 95 пайызға жетті.

«Қызылорда-Жезқазған» автомобиль жолының облыс аумағынан өтетін 216 шақырымының құрылысы толығымен аяқталып, пайдалануға берілді.

Быыл да жол инфрақұрылымын дамытуға бағытталған 56 жобаға қаржы бөлінді. Оған өңірдегі 136 шақырым жол мен көпір өткелдері жөндеуде.

## СЫРДАРИЯ СУЫН ҮНЕМДЕУДІҢ МАҢЫЗЫ ЗОР



– Сырдарияның су қоры қалай реттеледі? Әңгімемізді осыдан бастасақ...

– Өзіңіз білетіндей, Қырғызстан аумағынан бастау алатын Нарын өзені Өзбекстандағы Қарадария өзеніне қосылып, нәтижесінде Сырдария өзені қалыптасады. Сырдария өзені өз ағысы барысында Тәжікстан аумағындағы «Бахри Точик» (Қайраққум) су қоймасы арқылы өтіп, кейін Өзбекстан аумағы арқылы ағып, Қазақстандағы «Шардара» су қоймасына құяды. Нарын-Сырдария каскадында «Шардара» су қоймасынан жоғары 4 қойма бар. Жалпы сыйымдылығы – 26,6 млрд текше метр. Олар – Қырғызстандағы «Тоқтағұл», Өзбекстандағы «Әндіжан» және «Шарбақ», Тәжікстандағы «Бахри Точик» су қоймалары. Қазіргі таңда аталған су қоймаларында жинақталған су көлемі 12,5 млрд текше метр (жалпы сыйымдылықтың 47 пайызы), былтырғымен салыстырғанда 1,8 млрд текше метр аз. Қазақстандағы «Шардара» су қоймасы мен «Көксарай» су реттегішінде жиналған су көлемі – 6,2 млрд текше метр. «Шардараға» секундына 541 текше метр су түсіп жатыр. «Арал-Сырдария» бассейнінде осы екеуін қоспағанда 36 су қоймасы бар. Инспекция Созақ ауданын есепке алмағанда, Түркістан облысы, Шымкент қаласы мен Қызылорда облысының аумағындағы су ресурстарын пайдалануды реттейді. Қызылорда облысында жалпы сыйымдылығы 34,7 млн текше метр 6 су қоймасы орналасқан. Оның 5-і Жаңақорған, 1-і Арал ауданында. Бүгінгі күні осы су қоймалары 37 пайызға толған, яғни 12,8 млн текше метр су жиналған. Қазір барлық су қоймасында көктемге су жинау жұмыстары жүріп жатыр.

– Осы кезде облысқа қанша көлемде су келіп жатыр? Су ресурстары және ирригация министрлігі биыл ақпанда судың келуінің нессиметрік сиясиетіне сай әрекетке көшкеніңіз білеміз...

– «Көктөбе» су бекеті арқылы біздің облысқа секундына 177 текше метр су келіп, көлдер жүйесіне, шабындықтар мен Арал теңізіне бағытталуда. Судың бір жылдары мол, бір жылы аз болуы жауын-шашынға байланысты. Сырдария өзенінде судың азаю процесі 2012 жылдан басталды. Ал 2003-2019 жылдар аралығында «Шардара» су қоймасына жылына 15 млрд текше метрден астам су түсті. Жылына 20 млрд текше метрден астам су келген уақыттар болды. Соңғы кездері бұл көрсеткіш 12-13 млрд текше метр шамасында. Судың ең аз келген жылы – 2021 жыл, небәрі 10 200 млрд текше метр. Сырдария өзенінің су қоры 37 млрд текше метр болса, оның ішінде елімізге жыл сайын 12 млрд текше метр, ал су аз жылдары 10 млрд текше метр белгіленген.

– Күрші есуге бейімделген Сыр өңірі оның көлемін жыл сайын азайтуға мәжбүр болып отыр. Суды үнемдеудің тағы қандай жолдары бар?

– Облыста бұған дейін 86 мың гектардан астам күрші егіліп келсе, былтыр 81 мың гектарға дейін қысқарды. Сырдария мен Өмүдария бойында орналасқан 5 мемлекеттік Су шаруашылығын үйлестіру комиссиясының отырысы жылына екі рет өтеді. Оның бірінде вегетацияға, екіншісі вегетациядан тыс, яғни қысқы мезгілде бөлінетін су көлемі жөнінде болжам жасалады. 2025 жылдың қараша айында осы комиссияның 91-отырысы өтті. Сол кезде болжанған су көлемінің қазіргі күні «Шардара» су қоймасына 95 пайызға келді. Болжанып отырған су көлемі бұрынғы жылдармен салыстырғанда 1 млрд текше метр кем. Осы су көлеміне талдау жүргізіліп, қазіргі уақытта жергілікті атқарушы органдар, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы, «Қазсушар» мекемесінің Түркістан, Қызылорда филиалдарымен күнделікті бірлесіп, су тапшылығының алдын алу мақсатында ылғалды көп қажет ететін дақылдар көлемін азайтып, егін шаруашылығын әртарапандыру, суды үнемдеуге бағытталған шаралар қабылдау жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілуде. Биыл Қызылорда облысында күрші көлемін 70 мың гектарға дейін қысқарту көзделіп отыр. Тамшылатып суару әдісіне көшіп, оның орнына жүгері егу мүмкіндігі қарастырылды. Өткен жылы өңірде 81 мың гектарға күрші егілсе, 60 мың гектарға дейін лазерлік тегістеу жұмысы жүргізілді. Бұл әдіс суды 20 пайызға дейін үнемдеуге мүмкіндік береді. Суды тиімді пайдаланғаны үшін егін шаруашылығымен айналысатындарға мемлекеттен 80 пайызға дейін субсидия беру көзделген. Былтыр Қызылорда облысында 8,1 гектарға дейін су үнемдеу технологиясы қолданылып, егін егілді.

– Су туралы сөз болғанда Кіші Арал мәселесін айтамыз. Оның қазіргі күйі қандай?

– 2006 жылы Арал теңізінің солтүстік бөлігінде «Көкарал» бөгеті салынып, оған су жинау басталды. Сол кезде 3-4 жыл ішінде су толады деп болжанған. Кейбір жылдары су көп болып, тіпті одан да жақсы көрсеткішке қол жеткізіп, артық суды үлкен теңізге тастауға мәжбүр болдық. Қазіргі уақытта жинақталған су көлемі – 23,08 млрд текше метр. 2024-2028 жылдарға арналған су шаруашылығын дамытудың кешенді жоспарына сәйкес Кіші Аралдағы су деңгейін 44 метрге жеткізу жоспарланған. Жобаның техникалық-экономикалық негіздемесі, құжатты дайын. Қаржы көздері нақтылануда.

– Ал теңіздің тұздылығы қандай? Балықтың тіршілік етуіне қолайлы ма?

– 2025 жылдың қорытындысымен Кіші Арал суының орташа жылдық тұздылық мөлшері – 8,8 г/л (%). Бұл – орташа көрсеткіш. Егер тұздылығы орташа 14-15 % асса, балықтың тіршілік ету ортасы қолайсыз болады.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан  
Назерке САНИЯЗОВА,  
«Сыр бойы»

## МАҚСАТ – ЖАЙЛЫ ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Р.Әліарыстанұлы атындағы жеке мектепті мемлекеттік меншікке алу бойынша меморандумға қол қою рәсімі өтті. Оған жауапты сала басшылары, селекторлық режимде қала, аудан әкімдері, зиялы қауым өкілдері қатысты.

Аймақ басшысы атқарылған ауқымды жұмыстарға, соңғы жылдары бюджет қаржысының басым бөлігі әлеуметтік салаға, оның ішінде білім саласына бағытталғанына тоқталды.

– Өңірде Мемлекет басшысының, Үкіметтің ерекше қолдауымен тың бастамалар жүзеге асырылуда. Жас ұрпақтың сапалы білім алуы – жұмысымыздың басты басымдығы. Білім беру саласына соңғы үш жылда 812 млрд 245 млн теңге, биыл 302 млрд теңге қаралды.

Бөлінген қаржының түпкілікті мақсатқа жетуін қадағалаудың нақты шаралары қабылданған. 2023 жылдан бері «Фейс-

бақылау» мобильдік қосымшасы қолданысқа енгізіліп, балабақшаларға жалған тіркелген 19 263 бала анықталды, 28 млрд 100 млн теңге үнемделді. Емхананың жалған анықтамасын тіркеу, негізсіз демалыс күндерін анықтау есебінен 6 млрд 700 млн теңге бюджетке қайтарылды.

Облыста демографиялық өсім мен халықтың көшіп-қону белсенділігі жоғары болғандықтан, оқушы санының жыл сайын артаыны байқалады. Жаңа оқу жылында 1-11 сыныпта 189 288 оқушы тіркелді, өткен оқу жылымен салыстырғанда 4 364 балаға көбейген.

Осы ретте орын қажеттілігі жеке

инвестиция есебінен де шешімін табуға. Жеке секторға мемлекет тарапынан қолдау жасалған. Біз өз кезегімізде таза, шынайы жұмыс істейтін кәсіпкерлерді үнемі қолдап келеміз.

Өткенде мемлекет және қоғам қайраткері Мұрат Бақтиярұлы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында 2023 жылдың қыркүйегінде ашылған «Орда school-2» жеке мектебін мемлекет меншігіне сыйға берді. Бүгін де дәл сондай игі істің куәсі боламыз.

Біздің ең бірінші міндетіміз – балаларымыздың жан-жақты, сапалы білім алуына қолайлы жағдай жасап, жайлы орта қалыптастыру. Өскелең ұрпақ тәрбиесімен айналысатын барша бастамаларымызға сәттілік тілеймін және ортақ жұмысты бірігісіп атқаруға шақырамын! – деді Н.Нәлібаев.

Рәсімде облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов пен Р.Әліарыстанұлы атындағы жеке мектептің құрылтайшысы Шәркүл Иманбердиева мектеп ғимаратын облыстық коммуналдық меншікке беру туралы меморандумға қол қойды.

Сонымен бірге Шәркүл Иманбердиева, мемлекет және қоғам қайраткері Бақберген Досманбетов, «Ұлағат» мектебінің құрылтайшысы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қалқазбек Әжібеков сөз сөйлеп, жас ұрпаққа сапалы білім беруін маңыздылығына тоқталды.

Айта кету керек, өткен жылы өңірде 13 білім беру ұйымы жанадан ашылды. «Келесік мектептері» ұлттық жобасы аясында 10 мектеп салынып, пайдалануға берілді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі



## МЕМЛЕКЕТТІК АЙЫПТАУШЫЛАР ФОРУМЫ

Сейсенбі күні Қызылорда қаласындағы «Достық үйінде» облыстық прокуратураның ұйымдастыруымен мемлекеттік айыптаушылар форумы өтті. Оған Құқық қорғау органдары академиясының ректоры мен профессорлары, облыстық сот төрағасы мен судьялары, прокуратураның жас мамандары мен мемлекеттік айыптаушылар қатысты.

Облыс прокуроры Ризабек Ожаров қылмыстық істерді қарап, әділ үкім шығаруда мемлекеттік айыптаушының ролі ерекше екенін айтты. Ол үшін айыптауды қолдаудың сапасын арттыру, жүйелі тәсіл қалыптастыру және қызметкерлердің кәсіби дағдысын үнемі жетілдіріп отыру қажет.

Құқық қорғау органдары академиясының ректоры Нұрғалым Әбдіров кіріспе сөз сөйлесе, облыстық прокуратураның мемлекеттік айыптауды қолдау және апелляциялық сатыға қатысу басқармасының аға прокуроры Бақай Махамбетжанов алқабилердің қатысуымен қаралатын қылмыстық істер бойынша мемлекеттік айыптауды қолдау ерекшеліктеріне, облыстық қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттың судьясы Асыл Ізтілеуова мемлекеттік айыптауды қолдау кезінде назар аударатын негізгі аспектілерге тоқталды. Құқық қорғау органдары академиясының профессоры Динара Найманова мемлекеттік айыптауды қолдаудың тактикалық тәсілдерін тарқатып, сендіру дағдыларын дамыту тренингін өтті.

Жиынның басты мақсаты – мемлекеттік айыптауды қолдау барысында туындайтын өзекті мәселелерді талқылау, тәжірибе алмасу және процесі оған әрі жетілдіру жөнінде ортақ шешімдер қабылдау. Іс-шара барысында екі негізгі бағыт сөз болды. Оның біріншісі – Мемлекет басшысының 2024 жылғы Жолдауындағы тапсырмасынан туындайтын алқабилердің қатысуымен қаралатын істердің артуы. Қазіргі күні республика бойынша да, облыс көлемінде де мұндай істер саны өсіп отыр. Форумға қатысушылар сот процесін онтайландыру және алқабилер институтының тиімділігін арттыру жөнінде өзара пікір алмасып, ұсыныстар жасады.

Екінші кезекте прокурорлардың кәсіби даярлығы мәселесі қаралды. Мемлекеттік айыптаушының қоғам алдындағы жауапкершілігі зор. Олар заңгерлік біліммен қатар, шеберлік, этикалық нормалар, сендіру дағдылары, психологиялық тұрақтылық және стандартты емес жағдайларда дұрыс шешім қабылдау қабілеттерін жетік меңгерген болуы тиіс. Спикерлер жас мамандарды кешенді түрде даярлаудың маңызын атап өтті.

Жиын қорытындысында қатысушылар өзара пікір алмасып, мемлекеттік айыптауды қолдау процесін жетілдіруге бағытталған ортақ тұжырымға келді.

Назерке САНИЯЗОВА,  
«Сыр бойы»

## АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ЖӘНЕ АЛДАҒЫ МІНДЕТ



27 ақпан – Дүниежүзілік үкіметтік емес ұйымдар күніне орай «Достық үйінде» «Әділетті Қазақстанның жаңа Конституциялық моделі: қоғамдық бірлестіктер мен жергілікті атқарушы органдардың ынтымақтастығы» тақырыбында салтанатты жиын өтті. Оған облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет, облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Руслан Каюпов, «Қызылорда облысының Үкіметтік емес ұйымдарының Альянсы» қауымдастығының төрайымы Анар Ізден, ҰЕҰ жетекшілері, қоғам белсенділері, сарапшылар, жастар және БАҚ өкілдері қатысты.

Жиында Мейрамбек Шермағанбет үкіметтік емес ұйым өкілдерін кәсіби мерекелермен құттықтап, өңірде азаматтық қоғам институттарының қарқынды дамуы келе жатқанын атап өтті.

– Азаматтық қоғам – ел дамуының, демократиялық құрылымдардың және қоғамның әлеуметтік-рухани бірлігінің негізгі тірегі. Оның дамуы елдің тұрақтылығы мен өркендеуі үшін шешуші мәнге ие. Өңірде Мемлекет басшысының тапсырмаларын жүйелі негізде орындау мақсатында нақты іс-шаралар жүзеге асырылуда. Аймақ басшысы Нұрлыбек Машбөкұлының бастамасымен барлық аудандарда салынған «Руханият» орталықтарында Үкіметтік емес ұйымдарға, ардагерлер мен аналар кеңестеріне, этномәдени бірлестіктерге, жастар ұйымдарына арнайы жабықталған кабинеттер беріліп, оларға орталықтың барлық әлеуетін пайдалана отырып азаматтық қоғамның дамуы мен белсенділігін арттыруға бар жағдай жасалды. Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы аясында 5 қаңтарда пайдалануға берілген біз бас қосып отырған «Достық үйінде» облыстық Азаматтық Альянсы

аймақ басшысының тапсырмасымен қажетті құрал-жабдықтармен толық қамтамалыған арнайы жұмыс кабинеті берілді. Баршаныңды атаулы мерекелермен құттықтай отырып, азаматтық қоғамның дамуына, үкіметтік емес ұйымдардың белсенді жұмыс жасауына, әлеуметтік бастамалардың табысты жүзеге асуына сәттілік тілеймін, – деді Мейрамбек Зинабидінулы.

Жиында «Ақ босаға» әйелдер ҚБ төрайымы З.Тажиева, «Бастаманы қолдау» ҚБ атқарушы директоры Ж.Сапаржанова, облыстағы «Gamma MMA» федерациясы ҚБ төрағасы Б.Кобланов, «Жас Арал өрендері» ҚБ төрағасы Н.Жорғабаев баяндама жасап, өз тәжірибелерімен бөлісті.

Сондай-ақ шара соңында өңірдің қоғамдық өміріне белсенді үлес қосып жүрген бірқатар үкіметтік емес ұйым өкілдеріне облыстың ең жоғары марапаты Құрмет грамотасы және облыс әкімінің Алғыс хаты берілді.

«СБ» ақпарат

1-бет

/// МЕРЕЙ

Түн тыныштығын бұзған қоңырау үнінен шырты ұйқыдан оянып сағатына қарады. Сағат тілі түнгі 3-ті көрсетіп тұр. Басына келген бірінші ойы «Япыр-ау, шұғыл ота жасайтын науқас келген болар?» Беймезгіл соғылған қоңыраудан ұйқысы шайдай ашылды. Расымен де солай болып шықты.

Дәрігердің ойы алдамапты. Жүрек те сезімталдығынан жанылмашты. Оның үстіне бірденің сезгендей түні бойы дөңбекшіп бірер сағат бұрын ғана көзі ілінген еді. Адам баласының ойы неткен жүйрік. Десе де мұндайда бәрін шешетін уақыт. Бір секунд кешігуге болмайды. Науқастың өмірін сақтап қалу үшін дереу ауруханаға жету керек. Мүмкіндікті мүлт жіберсең, үміт жібі үзілмек. Өзін асықтырған құдіретті тылсым күшке бағынып жеткені сол еді, шынымен науқастың жағдайы ауыр екен. Жанын шүберекке түйген дертті жан өзіне қала қарап жатты. Бейне «соңғы үмітім сізде» дегендей. Отаны бастап та жіберді. Өзі ойлағандан да күрделі екен. Науқаспен бірге қиналды. Шүкір, бес сағат дегенде бітті-ау айтуейр. Маңдайынан үздіксіз тамған қара терге малышыңғаны сонда сезді. Тауған сейілді. Дел-сал болған денесін жазып еркін тыныстады. Үміт оты жаңды. Науқастың сөнуге сәл қалған өмір шырағы қайта лаулады.

Осындай қиын сәтті жөніп, бір сәт серпілгенде ақ халатын кір шалмаған білікті дәрігердің өткен өмір жолы есіне түсті. Жарты ғасырлық тәжірибесін жас буынға үйретуден ешбір шаршаған емес. Дәрігердің басты қағидасы – Гиппократ анттына адалдық, ажалмен бетпе-бет келгенде қырағылық пен жедел әрекет, сабыр мен салқынқандылық, сын сатпақ дайын болу.

Біздің бүгінгі кейіпкеріміз – жоғары санатты хирург, травматолог-ортопед, УЗД дәрігері, Денсаулық сақтау ісінң үздігі, «Құрмет» орденінің, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, Байқоңыр қаласының құрметті азаматы Нұр Карасай Ердеушұлы.

Республикаға танымал білікті дәрігер 1956 жылы 6 наурызда Арал ауданы Ақшатау-Аманөткел ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын 1976 жылы Қазалы ауданының Жанакүрылыс совхозында мал дәрігері болып бастаған.

1986 жылы Целиноград мемлекеттік медициналық институтының емдеу факультетін бітіргеннен кейін облыстық ауруханада интернатұрандан өтіп, 1987-1992 жылдары Ленин қаласының ауруханасына хирург-ортопед дәрігер қызметіне келді. Мұнан соң мекеменің қайта құрылуына байланысты Ресей федералдық медициналық-биологиялық агенттігі №1 орталық медициналық-санитарлық мекемесінің хирургия-травмотология бөлімінде 22 жыл менгерушілік қызметін абыроймен атқарды. 1995-2010 жылдары Байқоңыр қалалық медициналық училищесінде педагог, 2016-2019 жылдары Қызылорда облыстық медицина орталығы Байқоңыр қаласындағы филиалының тұңғыш директоры лауазымына тағайындалды. Филиалдың қайта құрылуына байланысты Байқоңыр қаласының көпбейінді

ауруханасынан хирургия бөлімінің ашылуына еңбек сіңіріп, аталған бөлімнің менгерушісі болды.

Қаншама басшылық лауазымды қызметтерді атқарумен қоса өзінің дәрігерлік міндетін, науқастардың алдындағы жауапкершілігін, медицинадағы жаңа заманауи технологияны игерудің маңызын бір сәт ұмытқан емес. Дәрігердің басты мұраты – халықтың денсаулығын сақтаудың қыр-сырын менгеріп,

# Өмір шырқашысы



медициналық білімін жетілдіріп, оны жас буынға үйрету. Ол – Алматы, Құрман, Волгоград қалаларында білімін жетілдіріп, қалалық ауруханада алғаш рет Илизеров аппаратымен науқастарды емдеу тәжірибесін енгізген білікті дәрігер, эндоскопиялық жолмен ота жасауды тұңғыш игерген бірден-бір маман. Аппаратпен сыңған сүйекті емдеуді Гаврилл Абрамович Илизаровтың өзінен Құрман қаласында үйренген. Алтын қолды дәрігер 10 мыңнан аса ота жасап, көптеген науқастың өмірін ажалдан арашалап қалды. «Сізге қиынға соққан ауыр ота болды ма?» деген сауалымызға дәрігер жылы жымиып «Қай отаның да жеңілі болмайды. 3-6 сағатқа дейін тіктемден тік тұрып жасаймыз. Жанталасып жатқанда уақыттың қалай өткенін байқамай қаламыз. Алайда тәжірибенің арқасында қиындықты жеңеміз. Шаршағанымызды жұмысымыз біткесін сезінеміз» дейді.

Жарты ғасырдан астам уақыт бойы ақ халатына қылау түсірмеген, жетпіс жастың желкенин көтеріп отырған дәрігер зейнеттен кейін де 8 жылдан бері байқоңырлықтарға адал қызметімен құрметке бөленіп келеді.

– Тәжірибемді медицина қызметкерлеріне үйретсем деймін. Пышақпен жасалған ота өте қиын соғайды. Әсіресе, жүрек асідізігінде 7 сағатқа созылады. Мұнан өзге бікнетін құлап жамбасы, жілігі сыңғандарға жедел ота жасаймыз. Сонымен қатар ішек байлануға, от қалтасындағы тасты алуға, үйкі безі асқынғандағы күрделі оталарға мені шақырады.

Бізге сенбі, жексенбі, мереке деген болмайды. Әскерилер секілді төтенше жағдайға дайын тұруымыз керек. Тәуліктің қай сағатында шақырса да барамыз. Таңғы 8-де жұмысқа түсеміз. Түстен кейінгі 16.30-да шы-

ғуымыз керек. Алайда сол күні кезекшілікке тұруымыз керек болса, ертесіне тағы ауруханада қаламыз. Ал қиын отаның бөріне бөлім менгерушісін шақырады. Өміріміз үйден гөрі ауруханада өтіп жатыр десем қателеспеймін. Шындығы солай.

Білімді жетілдірмей бір орында қалып қою дәрігер үшін кешірімсз қателік екенін жастарға үнемі ескертіп отырамын. Сол үшін өзге мемлекеттерде болып, жаңа әдістерді көп үйрендім. Нәтижесінде Мәскеудегі әлемге әйгілі дәрігер Илизаровтан үйренген эндоскопиялық операцияны 1000-ға жуық адамға жасадым.

Қазір технология мейлінше дамып келеді. Медициналық жаңа қондырғылар қолданысқа енуде. Техниканың тілін біліп, менгеру үшін шетелдерде оқытуға да мемлекет қолд болуде. Осындай мүмкіндікті қалт жібермеу керек. Себебі дәрігердің міндеті – дерттіге қол ұшын беріп, адам өмірін сақтау үшін аянбай күресу. Күніреніп келген науқас дәрігердің алдынан күліп шығу керек. Сол құдірет неде дел ойлауымыз мүмкін. Бір ауыз жылы сөздің, науқасқа деген жылы көзқарастың өзінде шипа бар, – дейді дәрігер.

Өзі емдеп қайта өмір сыйлаған науқастар ақжарма алғыстарын айтудан жалыққан емес. Соның бірі Мұрғиян Жанғасқасева:

– Мен 1991 жылы күзде ішкі құрылысым қатты мазалап, ауыр халде қалалық ауруханаға түстім. Бағма орай білікті дәрігер Карасай Ердеушұлы жолықты. Ол кісі тәулік бойы кезекшілігін өткізіп кеткенді жатыр екен. Менің қиналғанымды көріп, мейірімді жүзбен жылы сөйлесіп, қай жерім ауыратынын сұрады. Жедел әрекет етуге шешім қабылдап, отаға жатқызыды. Сенесіз бе, 6 сағат тікесін тік тұрып менің өмірім үшін ажалмен арналысты.

Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА,  
Қазакстан Журналистер  
одағының мүшесі



## ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ МЕКТЕПТЕН БАСТАЛАДЫ

Қазіргі таңда цифрлық платформалар мен жасанды интеллект технологиялары әлемдік дамудың басты қозғаушы күшіне айналғанын барлық білеміз. Қазақстан да осы жаһандық трендтен тыс қалмай, болашаққа бағыт қалауда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауында цифрландыру мен ЖИ-ді барлық салаларға енгізу ұлттық ба- сымдық ретінде айқындалды. Қазақстанның алдағы үш жыл ішінде жаппай цифрлық елге айналу міндетті түрде жүзеге асуы тиіс екені баса айтылды. Экономиканың барлық сала- сын ЖИ арқылы жаңғырту тап- сырланды.

Ұлттық құрылтайдың V отырысында Мемлекет басшы- сы цифрлық технологиялар- дың түбегейлі жаңа орта қа- лыптастыратынын, сондықтан ұлттық бірегейлікті сақтай отырып, осы өзгерістерге бейімделу қажеттігін айтты. Сонымен қатар, 2026 жыл «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жария- ланды. Бұл шешім Қазақстан- ның цифрлық державаға айна- лу жолындағы маңызды қадам болып отыр. Осы стратегиялық бағыттарды жүзеге асыру- ға жастардың, оның ішінде оқушылардың да ролі өте маңызды.

Жастар – цифрлық дәуірдің негізгі тұтынушысы әрі жа- саушысы. Қазірдің өзінде Қазақстанда ЖИ-ді оқыту бағдарламалары (мысалы, AI-Sana жобасы), студенттер мен оқушыларға арналған арнайы курстар, хакатондар мен кон- курслар ұйымдастырылууда. Болашақта 100 мыңнан астам жас маман ЖИ саласында даяр- лануы жоспарланған, – дейді Айсұлу Бижанова.

Білім беру жүйесінде жа- санды интеллекттің қолда-

нылуы оқушылардың қабілеті мен зейініне қалай әсер етеді деген сұрақ туындауы мүмкін. Айталық, кейбір зерттеулерде оқушылардың 100%-ы ЖИ- ді идеяларды генерациялау үшін пайдалы деп санайды, өйткені ол тез әрі көптеген нұсқалар ұсынады. Бірақ сол зерттеулердің өзінде ЖИ идея- лардың жалпы жынтығында қайталанатын, ұқсас болатыны байқалған. Педагогтің айтуын- ша, Қазақстан контекстінде осы тақырып әлі де талқыланып жа- тыр.

– Қоғам тарапынан ЖИ оқушылардың сыни ойлауы мен шығармашылығын тежей- ді деп есептесе, ал басқа пі- кірлерде ол шабыт беріп, жаңа мүмкіндіктер ашады деліне- ді. Бірақ мұнда оқуға қызы- гушылық және ЖИ-ді түсіну деңгейі өте маңызды рөл ат- қарады. Бұл бәрін шешілетін мәселе емес, тек тұрақты зер- делеу арқылы қол жеткізуге болады. 2022 жылдан бері 1-сыныптан бастап жеке пән ретінде бар болса, қазір оның мазмұнына жасанды интеллект элементтері қосылып жатыр. 2026 жыл «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жарияланғанына байланыс- ты, мектептерде «Цифрлық элем» апталықтары, «Day of AI» сабақтары, робототехника, медиасуаттылық ойындары жиі өтіп жатыр. Қазір 1-4 сы- ныптарда ЖИ-ға кіріспе ойын түрінде, ал жоғары сыныптар- да этика мен практикалық жо- ба- лар енгізіледі. Осы қысқа іс-шаралар ЖИ-ді тек инфор- матикада емес, цифрлық са- уаттылықтың өзінде этика, де- ректер қорғау, чат-бот жасау сияқты тақырыптар арқылы үйрету тұрақты пәннен гөрі тиімді және мазмұнын терең- дететіні байқалады.

«Цифрлық сауаттылық» пәнін балалардың интернетте қауіпсіздігін ерте қалыпта- стыру, смартфон, планшетті тек ойын үшін емес, цифрлық құралдарды оқу мен шығар- машылық үшін пайдалану, ро- бототехника мен кодтаудың қарапайым деңгейін түсіну немесе болашақта цифрлық әлемде экономикалық бәсекеге қабілетті болуға дайындық деп түсіну керек.

Айсұлу ҚАРАПАЕВА,  
«Сыр бойы»

### ЖОБА

## «Қызылорда облысындағы қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандырудың қағидаларын бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2024 жылғы 24 шілдедегі № 112 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жер- гілікті мемлекеттік басқару және өзін- өзі басқару туралы» Қазақстан Респу- бликасы Заңының 6-бабына, «Қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абат- тандырудың үлгілік қағидаларын және «Ағаштарды кесуге рұқсат беру туралы» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республика- сы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №235 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мем- лекеттік тіркеу тізімінде № 10886 болып тіркелген) сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қызылорда облысындағы қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абат- тандырудың қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазыл- сын:

«1. Осы қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандырудың үлгілік қа- ғидалары (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі ту- ралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 23-15) тармақшасына сәйкес өзгерілді және құқықтық мәртебесі мен шаруашылық қызмет нысандарына қара- мастан, барлық заңды тұлғалар, жеке тұлғалар, сондай-ақ аула және қоғамдық аумақтарды абаттандыруға жауапты лау- азымды адамдар үшін қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандыру тәртібін айқындайды.»;

3-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) шағын архитектуралық нысан- дар – сәндік сипаттағы және практикалық пайдаланылатын объектілер (көрнекті тұлғаларды, маңызды тарихи оқиғаларды мәңгі есте қалдыру үшін орнатылатын монументалды өнер құрылыстарын қос- пағанда мүсіндер, сұбұрқақтар, гүлдерге арналған вазалар, павильондар, бесед- калар, орындықтар, урналар, балалар ойындары мен ересек тұрғындардың де- мальсына арналған жабдықтар мен кон- струкциялар);»;

4-тармақтың б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«б) монументалды-сәндік өнер туын- дылары – көрнекті тұлғаларды, маңызды тарихи оқиғаларды мәңгі есте қалдыру үшін орнатылатын монументалды өнер құрылыстарын қоспағанда мүсіндер, сұбұрқақтар, гүлдерге арналған вазалар, павильондар, бесед- калар, орындықтар, урналар, балалар ойындары мен ересек тұрғындардың де- мальсына арналған жабдықтар мен кон- струкциялар);»;

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы М.Т.Ауымбетов

Жеңіп шықты. Мен дін аманмын. Өмірге қайта келдім. Ақ халатты, жылы жүректі дәрігерге алғысым шексіз. Кәсібилігі, антка адалдығы, жауапкершілігі тәңгі етті. Бір сөзбен айтқанда, алтын жүректі, алақаны шипалы, табиғаты мен болмысы бөлек, дарынды Алла сыйлаған дәрігер деп бағалаймын, – дейді ол.

Ал Владимир Белоусов болса, жол апатына түсіп ауыр жаракат алғанын, тексерген дәрігер аяғын кеспек болғанда өзінің кәсіби тәжірибесі мен біліктілігінің арқасында мүгедектіктен сақтап қалған Карасай дәрігер екенін тебірене жеткізіп, қолы шипалы жаңға алғыс білдірген.

Сәулеті ғұмырын денсаулық саласының гүлденуіне арнап алғыс арқалаған мейірімді жан медицина саласындағы қызметімен қатар қоғамдық өмірде өзінің белсенділігін көрсетіп келеді. Мәселен, Байқоңыр қаласының көп- бейінді ауруханасындағы «Аманат» партиясы Байқоңыр қалалық филиалының «Денсаулық» бастауыш партия ұйымын және медицина са- ласы ардагерлері кенесін құрған. Байқоңыр қаласы ардагерлер кенесінің мүшесі ретінде өскелең ұрпаққа тәлім-тәрбиесін беріп келеді.

Қоғам алдындағы жауапкершілігінен бір сәт қол үзбеген жан мен тән шипагері қолы босағанда шығармашылықпен айналысады. 2021 жылы «Өмір өзектер» атты тұңғыш кі- табы жарық көрді. Кітап – ұзақ жылғы тәжі- рибесінің жемісі.

Дәрігердің ұзақ жылғы еңбегі жоғары ба- ғаланып, «Құрмет» ордені, «Ерен еңбегі үшін» медалімен, «Қазақстан Республикасының тә- уелсіздігіне – 10 жыл», «Байқоңырға – 55 жыл», «Қызылорда қаласына – 190 жыл» өзге де мерекелік медалімен, «Абай аманаты» төсбелгісімен марапатталған. 2023 жылы «Бай- қоңыр қаласының құрметті азаматы» атанды.

Біздің дәуірімізге дейін IX ғасырда өмір сүрген атақты үнді дәрігері «Өмір кітабы» атты еңбегінде былай деген өсиет айтады: «Дәрігер іс жүзінде табысқа жету үшін: өзінің дені сау, мұнтаздай таз, қарапайым, шыдам- ды болуы керек. Сөйлеген сөзі жұмсақ, жа- ғымды, тартымды және үлкен үмітпен айты- луы қажет. Дәрігердің ақ жүрегі адал, қайғыға орнақтасқын, сезімтал, тура мінзеді, байсал- ды, ерекше сабырлы, асқан ақылды, әрқашан да жақсылық істеуге тырысып тұратын адам болғаны абзал. Дәрекі, тұрпайы немесе тым ресми сөйлеусе болмайды».

Міне, осындай құнды қасиеттердің бәрін байқоңырлық білгір дәрігердің бойынан көруге болады.

Далаға шықты. Шыңылтыр аяз шыдаптай барды. Дегенмен ауруханаға жету керек. Бүгін тағы да ауыр ота күтін тұр. Бұл жолы адам- ның ең аяулы ағзасы – бауырдың отасы. Адам өмірін ажалдан алып қалуға аманат арқалағаны есінен бір сәт шыққан емес. Дәрігер бұл жолы ана өмірінің шырағын жаққалы барды. Өзінің де шырағын сөнбесін, ақ халат пен ақ жү- рек несі!

## «Жарнама – тіл тазалығының көрінісі» облыстық байқауын ұйымдастыру және өткізу ережесі

### 1. Жалпы ережелер

1. «Жарнама – тіл тазалығының көрінісі» облыстық байқауын (бұдан әрі – Байқау) ұйым- дастыру және өткізу ережесі (бұдан әрі – Ереже) байқауға қатысу және жүлделерлерді анықтау тәртібін белгілейді.

2. Байқаудың мақсаты – мемлекеттік тілдің қазақстандық қоғам бірлігін нығайтудың аса маңызды факторы ретіндегі ролін арттыру, мемлекеттік тілдегі жарнама мәтінін сауатты ресімдеу жолдарын насихаттау, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Рес- публикасы заңы талаптарының орындалуын қадағалау және осы бағытта белсенділік таны- тып жүрген азаматтарды ынталандыру.

3. Байқаудың міндеті – облыс (қала, аудан, ауыл) аумағындағы квазимемлекеттік сектор- дың, кәсіпкерлік субъектілердің (шағын, орта және ірі бизнес) өкілдерін, өз өнімдерін жарна- майлайтын тауар өндірушілерді және заң талаптарына қайшы орналастырылған жарнама мәтіндерін анықтап, түзету жұмыстарына атса- лысып жүрген азаматтарды қолдау және ынталандыру.

4. Байқауды ұйымдастырушы – Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасы (бұдан әрі – Басқарма).

5. Байқау жергілікті атқарушы органдардың қолдауымен өткізіледі.

6. Байқау аясында қоғаммен, квазимемлекет- кеттік сектормен, жергілікті кәсіпкерлік субъекті- лерімен (шағын, орта және ірі бизнес) байла- ныс орнатылады.

7. Байқауды өткізу туралы хабарландыру 2026 жылғы 1 сәуірге дейін жергілікті атқарушы органдардың (облыс, қала, аудан, ауыл) интер- нет-ресурсы мен әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларына орналастырылады.

8. Байқауға қатысушылардың жұмысын ба- ғалау және жүлделерлерді анықтау үшін қазылар алқасы құрылады.

Қазылар алқасының құрамына саны бес адамнан тұратын филолог, заңгер, ғалымдар, маман- дар, қоғам қайраткерлері кіреді.

9. Қазылар алқасының мүшелері қатысушы- лардан түскен материалдар негізінде ашық дау- ыс беру арқылы жүлделерлерді анықтайды.

Дәуыстар тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші.

10. Қазылар алқасының шешімі хаттама түрінде ресімделеді және оған қазылар алқасы- ның барлық мүшелері қол қояды.

### 3. Байқауға қатысу тәртібі

11. Байқауға квазимемлекеттік сектордың, кәсіпкерлік субъектілердің (шағын, орта және ірі бизнес) өкілдері, өз өнімдерін жарнамайлайтын тауар өндірушілер және заң талаптарына қайшы орналастырылған жарнама мәтіндерін анықтап, түзету жұмыстарына атсалысып жүрген азамат- тар қатыса алады.

12. Байқауға қатысушылар:

1) Ережеге қосымша берілген нысанда Байқауға қатысуға өтінімді;

2) тауар өндіруші;

– өзі шығаратын барлық тауарлардың толық тізбесін және тізбеге қоса арнайы мәліметтер көрсетілген тауарлық жапсырмалардың (этикет- қалардың), таңбаламалардың, нұсқаулықтардың фотосуреттерін;

– ғимаратта немесе тұрғынжайда орна- ластырылған хабарландырудың, жарнаманың, префскурагттың, баға көрсеткішінің, ақ мәзірінің, нұсқағыштың және басқа да көрнекі ақпа- раттың фотосуреттерін;

2) азаматтар жарнама мәтіндерінің сауат- ты жазылуын қадағалап, тіл нормасы бұзылып ресімделген жарнамаларды, деректемелер мен көрнекі ақпаратты және стилдік қатемен беріл- ген аудио/бейнежазнамаларды анықтап, ұсыныс беру арқылы түзетілген жұмыстарды жинақтап, дәлелдейтін құжаттарды (масс-медиаға жарнамалардың сіптемелері немесе скриншот- тары, баннер немесе билбордтағы фотосурет, келісілген жарнама үлгілері, жарнама мәтінінің түзетілгені растайтын дейін/кейін фотосепп және тағы басқа құжаттар) қолдауы керек.

13. Байқауға қатысу 3 жылда бас жүлде және бірінші орын алған жеңімпаздар қатыстырыл- майды.

14. Байқауға қатысу үшін өтінімдер 2026 жылғы 1 тамызға дейін Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасына тапсырылуы қажет.

### 4. Байқау қорытындысы

16. Байқау жүлделерлері арнайы дипломдар, алғысхаттар және басқарма бекіткен марап- тар, мөлшерінде қаржылай сыйлықтармен марапат- талады.

17. Байқау жүлделерлері туралы ақпарат Байқау өткеннен кейін 10 күн ішінде Басқар- маның ресми интернет-ресурсына және әлеумет- тік желілердегі парақшаларына орналастырыла- ды.

### Байланыс телефондары:

8 (7242) 60-53-15, 60-53-14.

«Жарнама – тіл тазалығының көрінісі» республикалық байқауын ұйымдастыру және өткізу ережесіне қосымша 1-нысан

### «Жарнама – тіл тазалығының көрінісі» республикалық байқауына қатысуға өтінім

- Кәсіпкерлік субъектісінің атауы \_\_\_\_\_
- Мекенжайы \_\_\_\_\_
- Білімі телефондары \_\_\_\_\_
- Қосымша ақпарат \_\_\_\_\_

Басшының қолы \_\_\_\_\_  
Күні \_\_\_\_\_

«Жарнама – тіл тазалығының көрінісі» республикалық байқауын ұйымдастыру және өткізу ережесіне қосымша 2-нысан

### «Жарнама – тіл тазалығының көрінісі» республикалық байқауына қатысуға өтінім

- Т.А.Ә. \_\_\_\_\_
- Жасы \_\_\_\_\_
- Білімі \_\_\_\_\_
- Қызметі \_\_\_\_\_
- Мекенжайы \_\_\_\_\_
- Байланыс телефондары \_\_\_\_\_
- Қосымша ақпарат \_\_\_\_\_

Колы \_\_\_\_\_  
Күні \_\_\_\_\_



## ТОҒЫЗ ЖҮЛДЕГЕРДІҢ БЕСЕУІ – СЫРБОЙЫЛЫҚ

Наурыздың 2-сі күні Алматы қаласында Қазақстан Жазушылар одағы мен Ұлттық инженерлік академиясы бірлесіп ұйымдастырған «Еңбек адамы – 2025» республикалық шығармашылық байқауының салтанатты марапаттау рәсімі өтті.

Байқау Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған «Жұмысшы мамандықтар жылы» бастамасын қолдау мақсатында өткізілді. Жобаның мақсаты – өндіріс пен инженерлік саланың қоғамдағы мәртебесін арттыру, еңбек адамының шынайы бейнесін көркем әдебиет арқылы кеңінен насихаттау.

Байқауға республиканың әр аймағынан түскен 50-ден аса шығарманың 9-ы үздік деп танылып, арнайы дипломдар мен қоғамдық ақшалай жүлде тапсырылды. Айта кетейік, осы 9 жүлдегердің 5-еуі – Сыр бойынан шыққан қаламгерлер. Атап айтқанда, Шархан Қазығұл Арал ауданының («Әулет») non-фикшн

романы үшін), Қуандық Түменбай Шиелі ауданының («Бетпақты кезген біреу») деректі әңгімесі үшін), Ертай Айғалиев Жалағаш ауданының («Су және Толағай») әңгімесі үшін), Жолтай Әлмашев Жанакорған ауданының («Ғылымнан тапқан бақыт») деректі романы үшін) және Нұрлыбек Саматұлы Жалағаш ауданының («Көктеткен көктемге танаптарды» эссесі үшін) тумасы.

Жерлес жазушыларды жеңісімен құттықтаймыз!

«СБ» ақпарат

## СЕН ЕДІҢ, СЫРДЫҢ БҰЛБҰЛЫ!

Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, «Құрмет» орденінің, «Шапағат» медалінің иегері, Білім саласының құрметті қызметкері, әнші-ұстаз Қаракөз Ақдәулетованың 70 жылдығына арналған «Сен едің, Сырдың бұлбұлы!» атты еске алу кеші өтті.

кенбаев, «Қазақстан дауысы» мегажобасының жеңімпазы Құралай Мейрамбек, Нұрболат Сейтмұратов, Руслан Садықов, Қаракөз Ақдәулет-

Кештің ашылуында облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет сөз сөйледі. Ғибратты ғұмыр иесінің елге сіңірген еңбегін атап өтіп, Ақдәулетовтер отбасына облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың және Сыр халқының атынан ыстық ықыласын білдірді.

Иә, кеш жүргізушілері айтқандай, Қаракөз Ақжігітқызы үшін музыка мамандық емес, өмірінің мәні, жан дүниесінің айнасы болатын. Классикалық өнердің биік талаптарын шәкірттерінің бойына сіңіре отырып, эстрадалық бағытта да еркін самғауына жол ашты. Бүгінде оның тәлімін алған әрбір шәкірт – ұстаздың үміті мен сенімінің жалғасы.

Ол шәкірттеріне ең алдымен өнерге адалдықты, сахна мәдениетін, көрерменге деген құрметті үйретті. Ұстаз үмітін ақтаған жас таланттар биік белестерді бағындырып, бірақтары әлем сахнасында өнер көрсетіп жүр. Сондықтан осынау кеште көрермендер тек ән тыңдап қана қоймай, ұстаз рухымен сырласқандай болды.

Ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Елена Әбдіхалықованың «Қаракөзге» атты өлеңін қалайық жастар театрының артисі Тоған Дастанқызы терең тебірініспен оқып, көрермен көңілін толқызды.

Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Бақыяр Тайлақбаев, «Астана Опера» театрының солистері, Қазақстанның еңбек сіңірген қай-



раткері Бибігүл Жанұзақ, Тахауи Рахметов, халықаралық конкурстардың лауреаттары Мақсат Мақдүбеков, Самал Байсейітова Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Мүсілім Әмзе жетекшілік ететін симфония оркестрінің сүйемелдеуімен казак және әлем композиторларының вокалдык шығармаларын аса шеберлікпен орындап, талантпен таңғалдырды.

Сондай-ақ халықаралық конкурстардың жеңімпаздары, талантты өнершілер Жадра Белгібаева, Ұлпан Әбдіқарымова, Қанат Моулен, «Super Star KZ» мегажобасының алғашқы жеңімпазы Алмас Кіш-

ова атындағы балалар студиясының шәкірттері өнер көрсетіп, көптің ықыласына иеленді. Кеш аясында Қазақстанның Халық артисі Бибігүл Төлегенова, белгілі композитор Бейбіт Оралұлы бейнебайланыс арқылы казак ән өнерінде өшпес қолтаңбасы бар Қаракөз Ақдәулетова туралы естеліктер айтып, Сыр халқына жылы лебіздерін жолдады.

Концерттің аяқталу сәтінде өнер иелеріне облыс әкімінің ықылас гүлі табыс етілді.

Ғазиза ӘБІЛДА,  
«Сыр бойы»

/// КӨРМЕ



## ДӘСТҮР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚТЫҢ ТОҒЫСЫ

Кеше 8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясында дәстүрлі ши тоқу шебері Зылиха Календер мен этнодизайнер Алдахияр Халендеровтың «Қойнауы тарихқа толы Сыр елі» атты бірлескен көрмесі өтті.

Шараға қолөнер шеберлері, суретшілер, оқытушылар, ЖОО студенттері мен жас шеберлер қатысты.

Көрмеге ұлттық өнерді дәріптеп жүрген өнер иелерінің түрлі тақырыптағы шығармашылық туындылары қойылды.

Облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры Сапар Көзейбаев, Суретшілер одағының мүшесі, Мәдениет саласының үздігі, ҚР Қолөнершілер одағы облыстық филиалының өкілі Бекзат Жақыпов көрменің маңыздылығы туралы айтып, шығармашылық иелеріне сәттілік тіледі.

Ал көрме авторлары жеке туындыларының тарихына, мәні мен мағынасына тоқталып, шараны ұйымдастырушыларға алғыс білдірді.

Зылиха Календер Қазақстан Қолөнершілер одағының мүшесі, «Ұлттық өнер – ұлттық байлық», «Қорқыт және Ұлы дала сазы» фестивалдарының қатысушысы. Көне ши тоқу өнерін дәріптеп, кейінгі буынға насихаттап келеді. Түрлі байқауларға

қатысып, еңбегі жоғары бағаланды. Шеберлік сабақтарын тұрақты ұйымдастырып тұрады. Ол «Ұлы Жібек жолы бойындағы тоқыма және зергерлік өнер» халықаралық көрме-жәрмеңкесіне қатысып, «Тұран шебері» атанды. Бұдан бөлек, халықаралық қолөнершілер көрмесі мен фестивалында ұлттық өнерді дәріптеп келеді.

Алдахияр Халендеров этнодизайнер әрі ұстаз, «Бабалар аманаты» этнографиялық дизайн одағының мүшесі. Сәндік-қолданбалы өнер жанрында терең мазмұнды, тарихи маңызы зор туындылар жасап, дәстүр мен жаңашылдықты шебер тоғыстырды. Сондай-ақ көптеген оқулық пен әдістемелік құралдың авторы ретінде білім мен өнер саласының дамуына өзіндік үлес қосты.

Көрмеде қатысушылар ұлттық қолөнердің түрлі үлгісімен танысып, тың туындыларға қызығушылық танытты.

Сара АДАЙБАЕВА,  
«Сыр бойы»

/// ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИР

## ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖАРЫСҚА ТҮСУДЕ

Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлкен үлес қосқан мемлекет және қоғам қайраткері Нәпқожа Ергешбаевты еске алуға арналған тоғызқұмалақтан халықаралық турнир өткізілуде.

Тағдымы мол игі шараның ашылуына облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов, республикалық тоғызқұмалақ спорты федерациясының вице-президенті және өзге де азаматтар қатысқан болатын.

Салтанатты жиында сөз алған Данияр Еренғалиұлы өнегелі ғұмыр иесінің еңбек жолы мен аймақ дамуына сіңірген елеулі еңбегіне тоқталды.

– Ардақты азамат өмірдің өркендеуіне бар күш-жігерін арнап, ел игілігі жолында аянбай қызмет етті. Жастардың білімді де бәсекеге қабілетті болып қалыптасуына айрықша көңіл бөлген бірегей тұлғаның бастамасымен кезінде облыста бірқатар спорт нысаны мен мәдениет ошағы бой көтерді. Дәстүрлі халықаралық турнир – сол еңбектің жарқын жалғасы деп білемін, – деді облыс әкімінің бірінші орынбасары.

Сондай-ақ жиын барысында зиялы қауым өкілдері мен құрметті қонақтар құттықтау сөз сөйлеп, жарысқа қатысушыларға жеңіс тіледі.



Облыстық қоғамдық даму басқармасы, «Сыр медиа» ЖШС ұжымы және Қазақстан Журналистер одағының облыстық филиалы ақын, Қазақстанның құрметті журналисі, Сырдария ауданының құрметті азаматы, еңбек ардагері

Мұхтар Сақтановтың қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Әділжан УМБЕТ,  
«Сыр бойы»

/// КЕШ

## ҚАЛАМ ИЕСІНЕ ҚҰРМЕТ

Ө.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында 3 наурыз – Дүниежүзілік Жазушылар күні аясында ақын, Қазақстанның құрметті журналисі, Қазақстан Телерадио академиясының «Алтын жұлдыз» иегері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, «Тұран» сыйлығының иегері, Қазақстан Жазушылар одағының облыстағы өкілі Қаршыға Есімсейітованың шығармашылығына 50 жыл толуына орай «Орындалған арман» атты кездесу кеші өтті.



Кеште «AMANAT» партиясы облыстық филиалының төрағасы Жандос Базартай, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқарма басшысының орынбасары Қуаныш Жанұзақов, «Қазақстан» РТРК АҚ Қызылорда облыстық филиалының директоры Нұрбек Әмиша, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты Айман Айтбаева қалам иесінің шығармашылығы жөнінде айта келіп, қоғамдағы, казак журналистикасындағы еңбегін жоғары бағалады.

Осы кеште Қуаныш Жанұзақов атаулы күнге орай аймақ руханиятын дамытуға атсалысып жүрген ақын-жазушыларға басқарма басшысының Алғыс хатын табыс етті.

Ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Қаттира Жәленова, техника ғылымдарының докторы, профессор С.Қошқаров, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, тарих және қоғамдық ғылымдар академиясының мүшесі, ғалым-публицист Қ.Омаров, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, сатирик жазушы Н.Елтай,

Шиелі аудандық әйелдер кеңесінің төрайымы Н.Палымбет құттықтау сөз сөйлеп, мерейіті иесіне сыйсыяпат көрсетті. Шиелі аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы А.Әзімхан аудан әкімінің құттықтауын табыс етті.

Кеш барысында ақын өлеңдері оқылып, Бүкілодақтық халық шығармашылығы фестивалінің лауреаты, ҚР Білім беру ісінің үздігі, Ы.Алтынсарин төсбелгісінің иегері және «Құрмет» орденінің иегері Кенже Мусаева ақын сөзіне жазылған Ділдахан Торғаеваның «Жырыммен бірге демемдер!» атты әнін орындап, көрермен қауымының ықыласына бөленді. Қызылорда Жастар театрының өнерпаздары ақын шығармашылығынан «Анаға тазым» қойылымын сахналады. Сондай-ақ кеш иесі Қ.Есімсейітованың жаңадан жарық көрген «Шешім» кітабының тұсауы кесіліп, «Менің әлемім» тақырыбындағы кітап көрмесі таныстырылды.

Іс-шараға облыстық зиялы қауымы, ардагерлер, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері қатысты.

«СБ» ақпарат

www.facebook.com/syrboyi.kz/

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyi\_kz

Меншік иесі  
**СЫРМЕДИА**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР  
**Марат АРАЛБАЕВ**  
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР  
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**  
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)  
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**  
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)  
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)  
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)  
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)  
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38  
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті  
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)  
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.  
«АҚ» - ақылы қызмет.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күні №12993-Г, 27.08.2012 ж.  
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.  
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.  
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.